

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

# ӘБУЛҚАЙЫР (1693-1748)



- Қазақ султандарының кіші буыны. Алғашында Тәуке ханның ықпалында бояған. Күшімен, айласымен, шабуылды ұйымдастыра білушілігімен даңқы шығып, хандыққа қолы жеткен. Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі өрлеген кезде, Ордабасы тауының бөктеріндегі халық жиналысында Әбілқайыр қазақ жасақтарының бастаушысы болып сайланады. Ресеймен татулық байланыста болуды көздеді. Ресей империясына арқа сүйеу арқылы өз ықпалын күшейтуді, қазақтың үш жүзін түгел бағындырып, бір орталықтан басқарылатын билік орнатуды, сондай-ақ әкімет билігін балаларына сайлау жолымен емес, мұрагерлік жолымен қалдырып отыруға үміттенді. 1740 жылы Әбілқайыр қазақ жасақтарын бастап барып Хиуаны басып алады. Онда біраз уақыт хан болып тұрады.

# АБАЙ (Ибрагим) Құнанбаев (1845—1904)



- Қазақтың улы ақыны, ойшыл, философ, композитор, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классигі. Семейдегі Ахмет Риза медресесінде араб, парсы әдебиетімен және Орта Азия әдебиеті классиктерінің таңдаулы шығармаларымен кең танысады. Шығыс поэзиясына еліктеп өлеңдер және «Масгүт», «Ескендір» поэмаларын жазады. Абай қазақ өлеңінің тақырып шеңберін кеңейтіп, шыншылдық қасиетін арттырды, оның тақырыбына философиялық, эстетикалық нәрлілік пен тереңдік сипаттарын сіңірді. Поэзияның жанрлық баюына оның «Сегіз аяқ» «Көзімнің қарасы», «Сурғылт туман» өлеңдері ұйтқы болды. Абайдың көзі тірісінде бірлі-жарым өлеңдері жарық көрді. 1909 жылы Петербургте «Қазақ ақыны Ибраһим Қунанбайұлының өлеңдері» таңдамалы шығармалары араб әрпімен жеке кітапша болып басылды. Абай есімін барша олемге танытқан М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы жазылды.




# ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ (1663-1756)



- Ұлы жүздің бас биі, Әз-Тәуке ханның тустасы. білгіш шешен. Қазақ хандығын біріктіру мен бір орталыққа нығайтуда Тәуке ханды қолдаған. Тәуке ханның басшылығымен, Қазыбек, Әйтеке, басқа да белгілі билермен бірге бірегей қазақ хандығын құруға қатысып, оны бірігу кезінде сот қызметін атқарып, бас би ретінде болған. «Жеті жарғы» заңын жасасқан қоғамның көрнекті қайраткері. Ол қазақтың белгілі хандарымен, билерімен, батырларымен бірге жоңғар-қалмақ басқыншыларына қарсы халық-азаттық майданын ұйымдастырып, басшылық етті. Қазақ даласындағы нақыл сөздер, афоризмдердің авторы. Ташкент қаласында жерленген.


# АХМЕД ЯССАУИ (т. ж. белгісіз —1166)





- Он екінші ғасырда өмір сүрген ақын. Қазақ халқының көне мәдениеті тарихында айрықша орны бар. Яссы шаһарында турған. Кейін Яссауи атанады. Ахмед Яссауи Бухар қапасында діни білім алғаннан кейін Түркістанға келіп, сол кезде Орта Азияда кең тараған софылық діни-мистикалық идеялардың насихатшысына айналады. Сулеймең Бақыргани, Софы Аллаяр, Ахсани және тағы басқалар оның жолын қуып, софизмнің жаршысы болған. Ахмед Яссауидің бүгінгі ұрпаққа жеткен шығармасы «Диуани Хикмет » («Даналық жайындағы кітап»). Онан қазақ халқының ежелгі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы фактілер табуға болады. Ахмед Яссауи туралы ел аузында көптеген ұнамды аңыз-әңгімелер бар.

# ӘБУНАСР ӘЛ-ФАРАБИ



- Аристотельден кейін дүние жүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист ғалым. Алғашқы білімді қыпшақ тілінде Отырарда алады. Бағдадта араб тілін үйренеді. Самарра мен Харрандарда ірі ғалымдармен кездесіп, білімін уштайды. Түркі, парсы, араб тілдерінде сөйлей де, жаза да білген. Грек, латын, санскрит тілдерін игерген. Бүгінгі ұрпаққа Әбу Наср Әл-Фарабидің 50 шақты еңбегі жеткен. «Альмагестке түсініктеме», «Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері», «Астрология», «Китаб әл-мусика әл-кабир» және тағы басқа еңбектері ғылымның сеңгірін көрсететін аса ірі туындылар. Әбу Наср Әл-Фарабидің еңбектері ғылымның барлық саласын қамтиды. Онын аясы кен.

СҮЙІНБАЙ

Аронұлы (1815—1898)



- ◎ Қазақ ақыны, айтыс өнерінің жүйрігі. Халық қамын көздеген Өтеген, Қарасай, Сураншы, Саурық батырлар туралы дастандар шығарған. Қатаган ақынмен, Тезек төремен айтыстары мәлім. Оның шешендік нақылдары, болыс, билерге арнаған «Мақсутқа», «Қасымға», «Жетісу билеріне» және тағы басқа өлеңдері бар. «Менің пірім — Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай...» деп Жамбыл Жабаев жыр бастарда үнемі сыйынып отырған. Ол батырлық, эпостың тамаша жыршысы да болды. Мухтар Омарханұлы Әуезов оған: «Сүйінбай — Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп баға берген. Қай шығармасында да Сүйінбайдың ақындық тапқырлығы, турашылдығы, қайсарлығы айқын көрініп отырады.

# НАЗАРБАЕВ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ (1940)





◎ мемлекет қайраткері. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы (1991), Қазақстан Республикасының Жоғары Әскери Қарулы Күштерінің басшысы (1992), экономика ғылымдарымың докторы (1992), профессор (1993), Халықаралық инженерлік академиясының академигі, (1993), Қазақстан Республикасының ҰҒА академигі

(1994), Ресей әлеуметтік ғылым академиясының академигі (1995), Ресей Федерация Президенті жанындағы Ресей мемлекет қызметі академиясының құрметті докторы, Ломоносов атындағы ММУ мен Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің құрметті профессоры, Белоруссияның Ғылым Академиясының құрметті мүшесі. «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде дамуы мен қалыптасу стратегиясы» (1992), «Нарық және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы» (1994), «XXI ғасыр табалдырығында» (1996), «Еуразиялық кеңістік: интеграциялық потенциал мен оның жүзеге асырылуы» (1994), «Тарих толқынында» (1999) және тағы басқа ғылыми еңбектердің авторы. Қазақстан Республикасының және бірқатар шетел ордендерімен, оның ішінде "Алтын қыран" (1993) ордені және көптеген медальдармен марапатталған.